

Отырар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 31 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысының күшін жою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 тамыздағы № 194 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 қыркүйекте № 4206 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес Отырар ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Отырар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 31 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3991 болып тіркелген, 2017 жылғы 17 наурыздағы "Отырар алқабы" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Отырар ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Отырар ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуін;

2) осы қаулыны Отырар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Жүнісовке жүктелсін.

Аудан әкімі

Е.Айтаханов